

Азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын, сондай-ақ халықаралық ұшуларды орындаған кезде авиация персоналының радиотелефон байланысында пайдаланатын белгілі бір көлемдегі ағылшын тілін білуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 17 наурыздағы № 150 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 сәуірде № 6872 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 824 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.11.2016 № 824 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, авиация персоналын кәсіби даярлау талаптарын біріздендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Б е к і т і л с і н :

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлау және қайта даярлау бағдарламасы;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Халықаралық ұшуларды орындаған кезде авиация персоналының радиотелефон байланысында пайдаланатын белгілі бір көлемдегі ағылшын тілін білуіне қойылатын талаптары.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
Қ а з а қ с т а н
К ө л і к
м и н и с т р і н і ң

Ә. Құсайынов
Р е с п у б л и к а с ы
ж әне
к о м м у н и к а ц и я

Азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлау және қайта даярлау бағдарламасы

| Р/с№ | Пәндер атауы | Аудиториялық сабақтар (сағатта) | Бақылау нысаны |
|------|---|---------------------------------|----------------|
| 1 | Жалпы және авиациялық ағылшын тілі | 180 (бір деңгейге) | емтихан |
| 2 | Ағылшын тіліндегі радиобайланыс фразеологиясы | 74 | емтихан |
| 3 | Әуе заңнамасы (халықаралық әуе құқықтары негіздері, әуе қозғалысында қызмет көрсету, ұшулар қағидалары) | 24 | емтихан |
| 4 | Әуе навигациясы (өлшем бірліктері, радионавигациялық қамтамасыз ету, көзбен шолу навигациялық құралдары, картографиялық қамтамасыз ету, күту аймағында ұшулар, қонуға аспаптық кіруінің негізгі тәсілдері, халықаралық әуе желілерінде байланыстарды ұйымдастыру, халықаралық әуе желілерінде әуе навигациясының ерекшеліктері, халықаралық ұшуларды орындауға арналған анықтамалық навигациялық оқулықтар, эшелондаудың қысқарған интервалдарын пайдалана отырып ұшулар, аймақтық навигация және т.б.) | 52 | емтихан |
| 5 | Халықаралық ұшуларларды метеорологиялық қамтамасыз ету (ауа райын бақылау және оның мәліметтері, ӘҚҚ мен әуесайлақтың жай-күйі туралы ақпарат, ауа райы болжамдары, желдің ауытқуы туралы ескерту, әуе кемелерінің борттарынан бақылаулар және жеткізулер, әртүрлі географиялық аудандардың метео-және климаттық ерекшеліктері, әлемдегі метеоақпараттың ерекшеліктері және т.б.) | 24 | емтихан |
| 6 | Іздеуді және құтқаруды ұйымдастыру | 4 | - |
| 7 | Халықаралық әуе тасымалдары | 8 | - |
| 8 | Кеден қағидалары және шекаралық бақылау | 4 | - |

Халықаралық ұшуларды орындау үшін ұшу құрамын теориялық оқыту бағдарламасының мазмұны және кәсіби деңгейді сүйемелдеу жөніндегі бағдарламаны меңгеру кезінде тікелей радиобайланысты жүзеге асыру

| Р/с № | Пәндер атауы | Аудиториялық сабақтар (сағатта) | Бақылау нысаны |
|-------|---|---------------------------------|----------------|
| 1 | Жалпы және авиациялық ағылшын тілі. Ағылшын тіліндегі радиобайланыс фразеологиясы | 56 | емтихан |
| 2 | Әуе заңнамасы | 8 | емтихан |

| | | | |
|---|---|----|---------|
| 3 | Әуе навигациясы | 12 | емтихан |
| 4 | Авиациялық метеорология | 6 | емтихан |
| 5 | Іздеуді және құтқаруды ұйымдастыру | 4 | - |
| 6 | Халықаралық әуе тасымалдары | 2 | - |
| 7 | Кеден қағидалары және шекаралық бақылау | 2 | - |

Ұшу құрамын алғашқы даярлау және қайта даярлау кезінде практикалық даярлау бағдарламасының мазмұны

| Р/с № | Міндеттердің мазмұны | Ұшулар саны | Уақыты (сағаттар) |
|-------|--|-------------|-------------------|
| 1 | Жер үстіндегі даярлау | - | 4 |
| 2 | Тренажерлық даярлау | - | 10 |
| 3 | Халықаралық әуе желілеріндегі рейстік жаттығулар | 18 | 100 |
| 4 | Халықаралық ұшуларға кіруді тексеру | 2 | - |

Қ а з а қ с т а н

К ө л і к

м и н и с т р і н і н

1 7

№

2-қосымша

ж ә н е

2 0 1 1

1 5 0

б ұ й р ы ғ ы н а

Р е с п у б л и к а с ы

к о м м у н и к а ц и я

ж ы л ғ ы

н а у р ы з д а ғ ы

Азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлау және қайта даярлау талаптамасы, сондай-ақ халықаралық ұшуларды орындаған кезде авиация персоналының радиотелефон байланысында пайдаланатын белгілі бір көлемдегі ағылшын тілін білуіне қойылатын талаптар

1. Осы Азаматтық авиацияның авиация персоналын даярлау және қайта даярлау бағдарламасы, сондай-ақ халықаралық ұшуларды орындаған кезде авиация персоналының радиотелефон байланысында пайдаланатын белгілі бір көлемдегі ағылшын тілін білуіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының талаптарына, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (бұдан әрі – ИКАО) туралы конвенцияға «Авиация персоналына куәліктер беру» 1-қосымшаға, «Әуе кемелерін пайдалану» 6-қосымшаға, «Авиациялық электр байланысы» 10-қосымшаға және «Әуе қозғалысына қызмет көрсету» 11-қосымшаға сәйкес

ә з і р л е н д і .

2. Осы Талаптарда халықаралық ұшуларды орындау және қызмет көрсету үшін алғашқы даярлау, қайта даярлау және кәсіби деңгейді ұстау курстарынан өту кезінде ұшулар экипаждарының мүшелеріне және әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі - ӘҚК) персоналына арналған даярлау бағдарламаларының қажетті көлемдері және мазмұны көрсетілген.

3. Халықаралық ұшуларды орындаған кезде әуе кемесінің бортында радиотелефон байланысын жүргізетін жер үсті станцияларының персоналы, ұшақтардың, дирижабльдердің, тікұшақтардың және көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемелерінің пилоттары, сондай-ақ штурмандар жалпы және авиациялық ағылшын тілін білуін ИКАО-ның тілдерді білу білімін бағалау шкаласы бойынша 4-деңгейден төмен емес деңгейде көрсетуі қажет және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға «Авиация персоналына куәліктер беру» 1-қосымшаның 1.2.9.4 Халықаралық стандарттың 1-толықтыруында және «А» толықтыруында мазмұндалған радиотелефон байланысында қолданылатын төменде көрсетілген тілдерді білу талаптарына, сондай-ақ ИКАО Ассамблеялары сессиясының А37-10 қарарына сәйкес келуі
т и і с :

олар үшін жазылған барлық жағдайларда ИКАО-ның стандарттық фразеологиясын қолдану;

дыбыстық (телефон/радиотелефон) байланысы үдерісінде және тікелей байланыстар кезінде еркін сөйлесу;

жалпы, нақты және жұмыспен байланысты мәселелер бойынша екі мағынада емес дәл түсіндіру;

хабарламаларды алмасу үшін және тану және түсінбеушіліктерді жою үшін жалпы немесе жұмыс тұрғысынан байланысты байланыстың тиісті әдістерін қолдану (мысалы, ақпаратты тексеру, растау немесе нақтылау арқылы);

4. Ағылшын тілін білу деңгейін бағалау (тестілеу) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға «Авиация персоналына куәліктер беру» 1-қосымшаның Халықаралық стандартының (1.2.9-бөлім, 1-тарау) 1-толықтыруында және «А» толықтыруында мазмұндалған радиотелефон байланысында қолданылатын тілдерді білу талаптарына сәйкес жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері бойынша тиісті Куәлікке біліктілік бағасы енгізіледі.

5. Халықаралық ұшуларды орындайтын және/немесе қызмет көрсететін авиация персоналының ИКАО-ның тілдік білімдерін бағалау шкаласы бойынша жалпы және авиациялық ағылшын тілін білу деңгейін растаудың мерзімділігі:

4-деңгей – үш жылда кем дегенде бір рет;

5-деңгей – алты жылда кем дегенде бір рет;

6-деңгей – ағылшын тілін білу деңгейін одан әрі растаудан босатылады.

6. Радиотелефон байланысын жүзеге асырмайтын авиация персоналы міндетті тәртіппен тестілеуден өткізілмейді.

7. Тестіні (тестілеу жүйесін) таңдауды ИКАО-ның тілдік білімдерін бағалау шкаласы бойынша жалпы және авиациялық ағылшын тілін білу деңгейі туралы біліктілік бағасын алуға тиіс әрбір маман дербес айқындайды. Бұл ретте тестіні (тестілеу жүйесін) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органы мақұлдайды.

8. Халықаралық сөйлесу мақсатында ағылшын тілі қолданылатын әуе кемесінің бортында және әуежайларда өзінің кәсіби міндеттерін жүзеге асыру үшін ауыз екі сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында жалпы және авиациялық ағылшын тілі бойынша экипаждың басқа мүшелерін алғашқы теориялық даярлау және қайта даярлау бағдарламасы кемінде 150 академиялық сағат көлемінде жүзеге асырылады.

9. Алғашқы даярлау және қайта даярлау кезінде әуе қозғалысын басқару бойынша практикалық дағдыларды ағылшын тілінде пысықтау кемінде 80 академиялық сағат көлемінде диспетчерлік тренажерда жүргізіледі.

10. Кәсіби деңгейді ұстау кезінде, сондай-ақ дербес жұмысқа жіберу кезінде әуе қозғалысын басқару бойынша практикалық дағдыларды ағылшын тілінде пысықтау ішкі аэронавигациялық қызметтердің провайдерін кәсіби даярлау туралы ережеде, бірақ кемінде 8 сағат көлемінде айқындалады.